



# ПАТРИОТИЗМ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДЫ  
БІРІКТІРЕТІН ҰЛТТЫҚ  
ИДЕЯ РЕТІНДЕ

## «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ» ҰҒЫМЫ ЖОҒАРЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ БЕКІТІЛГЕН.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 2-тармағында Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе парламентте дауыс беру арқылы шешу деп көрсетілген.

Патриотизм сезімі қоғамның бірлігі мен ынтымағын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қазақстан халқын **біріктіруші факторлар ретінде азаматтық сәйкестіктің** болуы, көпшіліктің Қазақстанды болашақта – **көпұлтты ел** деп тануы, сондай-ақ **байлық пен өркендеу**, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, заңдылық пен тәртіпті сақтау және басқа да басымдықтар сияқты біріктіруші құндылық бағдарлар саналады.



Осылайша, сауалнама нәтижелері бойынша **халықтың едәуір бөлігі (65,9%) өз отандастарына қатысты ауызбіршілікті сезінеді**. Сонымен қатар, этникалық тиістілік әрбір оныншы респондент үшін біріктіруші фактор ретінде қалып отыр (10,1%)<sup>1</sup>.

Біріктіруші факторлар:



<sup>1</sup> Ф. Эберт Қоры 2019 жылы жүргізген әлеуметтік зерттеу нәтижелері


**Қазақстанда этносаралық келісім мен толеранттылықты одан әрі нығайтудың алғышарттары бар.** Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, респонденттердің көпшілігі (44,6%) Қазақстанды азаматтары болашақта қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген көпұлтты ел ретінде көреді<sup>2</sup>. Осылайша, Қазақстанның қазіргі даму жағдайында патриоттық тәрбие контексіндегі толеранттылық айтарлықтай қалыптастыратын функцияны атқарады.

### Болашақ мемлекеттік даму бейнелері



Жаңа қазақстандық патриотизмнің негізгі ұстанымдары «**Рухани жаңғыру**» бағдарламасының **қоғамдық сананы жаңғырту** жүйесіне енгізілген. Бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, сананың ашықтығы, білімді дамытуға адалдық және Қазақстанның эволюциялық дамуына бейілділік жас қазақстандықтарды патриоттық тәрбиелеудің негізі болып табылады.

Бұдан бөлек, сауалнама нәтижелеріне сәйкес, қазақстандық қоғам үшін басым бағыттардың қатарында **байлық пен өркендеу** (44,6%); **сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес** (44,0%); **заңдылық пен тәртіп** (33,3%); **тұрақтылық** (29,1%); сондай-ақ **теңдік пен әділдік** (23,6%) бар<sup>3</sup>.



<sup>2,3</sup> Ф. Эберт Қоры 2019 жылы жүргізген әлеуметтік зерттеу нәтижелері

Қазіргі уақытта **қазақстандық патриотизм** оның **азаматтық аспектісінде** әріптестік, ортақтастық және заңға бағынушылық ұстанымдарын ынталандыру арқылы **жиі көрініс табуда**. Әсіресе бұл волонтерлік қызметте (еріктілікте) айқын көрінеді. Бүгінде мыңдаған қазақстандықтар еріктілер қозғалыстарға қатыса отырып, көп балалы, аз қамтылған отбасыларға, сондай-ақ бүкіл Қазақстан бойынша зейнеткерлерге азық-түлік пен гигиена құралдарынан тұратын тегін әлеуметтік жиынтықтарды жеткізуде. ҚР АҚДМ деректері бойынша, 2020 жылы волонтерлік ұйымдардың саны 500-ден астам болды.

Волонтерлік қызметті пандемияның таралуына байланысты төтенше жағдай кезеңінде **Жас Отан** жастар қанатының, «Ұлттық волонтерлік желі» ҚБ белсенділері, Қазақстанның Қызыл Жарты Ай Қоғамының филиалдары, сондай-ақ көптеген қоғамдық қозғалыстар ілгерілетті.

Волонтерлік қызметтің негізгі бағыттары:

- **Денсаулық сақтау жүйесіне қолдау көрсету.** Мысал ретінде, ҚХА «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысының мүшелері Алматы қаласында 10 мыңнан астам медициналық маска мен антисептиктер таратты. Карантин кезінде «DA-VINCI» орталығы елордалық жұқпалы аурулар ауруханасының медицина қызметкерлеріне тегін тамақ ұйымдастырды, сондай-ақ дәрі-дәрмектерді тасымалдауды ұйымдастырды. Осындай мысалдар республика бойынша өте көп.
- **Халықтың әлеуметтік осал бөлігіне көмек көрсету.** Мысал ретінде «Мен – алматылықпын» ұйымының қызметін келтіруге болады, оның еріктілері пандемия кезінде аз қамтылған, көп балалы отбасыларға және т.б. азық-түлік жеткізуді ұйымдастырды.

Ұлттық волонтерлік желінің бағалауы бойынша ТЖ кезінде бүкіл ел бойынша волонтерлік қызметке 36 мыңнан астам адам тартылды, олар 850 мыңнан астам адамға көмек көрсетті. Төтенше жағдай кезінде еріктілердің экономикалық үлесі 21 млн теңгеден асты<sup>4</sup>.



astana.gov.kz

<sup>4</sup> <https://www.facebook.com/kzvolontery/photos/pcb.4430180410339597/4430180290339609>